

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ V МОДУЛЬ. МАУАЗЫМДЫҚ МІНДЕТТЕР



1. Менің _____ бар.

- a. шағым
- b. шағымың
- c. шағымым
- d. шағымыңыз



2. Сіздің _____ бар ма?

- a. қарсылық
- b. қарсылығы
- c. қарсылығың
- d. қарсылығыңыз



QR-code қосымшасы
арқылы тексеріңіз



3. Үлгі бойынша I жақтан жазыңыз.

Сіздің қарсылығыңыз бар ма?	Менің қарсылығым бар.
Сіздің шағымыңыз бар ма?	
Сіздің сұрағыңыз бар ма?	
Пікіріңіз бар ма?	
Дәлеліңіз бар ма?	
Қосымшаларыңыз бар ма?	



QR-code қосымшасы
арқылы тексеріңіз



4. Қажетті сөздерді қоюыңыз.

1. Сіздің аты-жөніңіз _____ ?
2. Сіз _____ жерде және қашан құниеге келдіңіз?
3. Сіздің отбасы жағдайыңыз _____ ?
4. Біліміңіз _____ ?
5. Сіз _____ оқыдыңыз, _____ бітірдіңіз?
6. Мамандығыңыз _____ ?
7. _____ жұмыс істедіңіз?
8. Қазір _____ жұмыс істейсіз?
9. Сіз _____ компьютерлік бағдарламаларды білесіз?
10. _____ тілдерді білесіз?



5. Мәтінді оқып, түйіндеме толтырыңыз.

Менің аты-жөнім – Қожахметова Айнұр Асқарқызы. 1986 жылы 15 қазанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келдім. Ұлтым қазақ, Қазақстан Республикасының азаматымын. Білімім жоғары. 2004-2008 жылдары ҚарУ, заңгер мамандығы бойынша оқыдым. 2008-2012 жылдар аралығында әділет басқармасында бас маман болып жұмыс істедім. 2012-2016 жылдары Қазыбек би аудандық сотында бас маман болып жұмыс істедім. 2016 жылдан бастап Қарағанды облыстық сотында бас маман болып жұмыс істеймін. Қазақ тілінде және орыс тілінде еркін сөйлеймін. Ағылшын және түрік тілі сөздікпен. Компьютердің MS Office, Excel бағдарламаларын меңгергенмін. Бөлме гүлдерін өсіруді ұнатамын. Тұрмыстамын, екі ұлым, бір қызым бар.

Мекенжайым Қарағанды қаласы, Ержанов көшесі, 42-үй.



Мекенжайы: _____
Телефоны: _____
Электрондық поштасы: _____

ТҮЙІНДЕМЕ

Тегі, аты-жөні: _____
Туған күні, айы, жылы: _____
Туған жері: _____
Ұлты: _____
Жынысы: _____
Отбасы жағдайы: _____
Азаматтығы: _____
Білімі: _____
Бітірген оқу орындары: _____
Мамандығы: _____
Еңбек өтілі: _____
Тілдерді білуі: _____
Жеке қасиеттері: _____
Қызығушылығы: _____